

2013 жылға бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 23 сәуірдегі № 152-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 16 мамырда № 2729 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 12 ақпандағы № 279-V шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 422-бабына сәйкес және Құрманғазы ауданы бойынша салық басқармасының 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 481 ұсынысы негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2013 жылға бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, салық саясаты және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Б. Жұғінісов).

Аудандық мәслихаттың	
XIV сессиясының төрағасы:	А. Ғаббасов
Аудандық мәслихат хатшысы:	Р. Сұлтанияев

Келісілді:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Атырау облысы бойынша Салық
департаментінің Құрманғазы ауданы бойынша Салық
басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Ш. Сағынғалиев
2013.04.23

Аудандық мәслихаттың
2013 жылғы 23 сәуірдегі
№ 152-V шешіміне қосымша

2013 жылға бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері

Pret №	Салық салу объектісінің атаяуы	Tіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері айына (айлық есептік көрсеткіш)	Tіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері жылына (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3	4
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	6	72
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	9	108
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2	24
4	Ойын жолы	30	360
5	Карт	12	144
6	Бильярд үстелі	20	240

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК